

**«Life Credit» МҚҰ» ЖШС
Жалғыз қатысушысының
2021 жылғы «30» қыркүйектегі
Шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

**«LIFE CREDIT»
МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ» ЖШС
МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Алматы 2021 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Микрокредиттер беру қағидалары (бұдан әрі мәтін бойынша - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2012.11.26 №56-V «Микроқаржы қызметі туралы» Заңына (бұдан әрі – МҚҚ туралы заң), Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңына, микроқаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілеріне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай - ақ «Life Credit» Микроқаржы ұйымы» ЖШС-нің (бұдан әрі мәтін бойынша-Компания) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Қағидалар негізгі қағида-тарды, тәртіп пен мерзімдерді қоса алғанда, микрокредиттер беруді ұйымдастыру тәртібі мен рәсімдерін қамтиды.

1.3. Осы Қағидалар Компанияның микрокредиттер беру тәртібін регламенттеу мақсатында әзірленді және мынадай ақпаратты қамтиды:

1.3.1. «Life Credit» МҚҰ» ЖШС микрокредит берудің жалпы шарттары туралы қағидалар;

1.3.1.1. Терминдер және анықтамалар;

1.3.1.2. Микрокредит беруге арналған өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі;

1.3.1.3. Микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібі;

1.3.1.4. Микрокредит берудің шекті сомалары және оны беру мерзімдері;

1.3.1.5. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары;

1.3.1.6. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі;

1.3.1.7. Микроқаржы ұйымы қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;

1.3.1.8. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидалары;

1.3.1.9. Микрокредитті өтеу әдістері;

1.3.1.10. Компания үшін шектеулер;

1.3.1.11. Микрокредит беру құпиясы;

1.3.1.12. Ерекше шарттар;

1.3.1.13. Қорытынды ережелер.

1.4. Компанияның негізгі міндеттері:

1.4.1. Компания қызметінің негізгі түрлерін дамыту және кеңейту үшін бірегей кредиттік өнімдер жасау;

1.4.2. микрокредит берудің қолжетімділігін арттыру үшін жағдайлар жасау;

1.4.3. экономиканың түрлі секторларында шағын және орта бизнестің қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасау болып табылады.

1.5. Компания ұлттық валютада микрокредит беруді жүзеге асырады және мерзімділік, қайтарымдылық және ақылдылық шарттарында микрокредиттер береді.

2.«Life Credit»МҚҰ» ЖШС микрокредит берудің жалпы шарттары туралы қағидалар:

2.1.Терминдер және анықтамалар

Осы бөлімде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

№	Терминнің атауы	Терминнің анықтамасы
	Сыйақы	Микрокредит беру туралы шартта көрсетілген сыйақы (мүдде) мөлшерлемесін есептеу тәртібі мен мөлшерін негізге ала отырып, Қарыз алушы Компанияға микрокредитті пайдаланғаны үшін төлеуге міндеттенетін Компанияға тиесілі ақшаның жылдық мөлшері есебінен

		микрокредит сомасына пайыздық мәнде айқындалған берілген микрокредит үшін төлемақы.
	Кепілгер	Микрокредит беру туралы шарт бойынша Компания алдында өз міндеттемелерін орындағаны үшін өз жауапкершілігі шегінде Қарыз алушымен толық немесе ішінара ортақ жауап беретін жеке/занды тұлға
	Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (СЖТМ)	уәкілетті орган бекіткен, берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидаларына сәйкес есептелетін, микрокредит бойынша дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшерлемесі
	Төлем кестесі	оған сәйкес Қарыз алушы/Тең қарыз алушы микрокредит бойынша төлемдерді кезең-кезеңімен өтеуді жүргізетін кесте
	Микрокредит беру туралы шарт	Қарыз алушы мен Компания арасында жазбаша нысанда жасалған шарт, оның негізінде Компания Қарыз алушыға мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық шарттарында, ал Компанияның ішкі құжаттарында айқындалған жағдайларда, өзіне жасалған барлық қосымша келісімдерді қоса алғанда, қамтамасыз етілу және нысаналы пайдалану шарттарында микрокредитті (біржолғы немесе кредиттік желі шеңберінде) береді
	Қарыз алушы	Компаниямен Микрокредит беру туралы шартқа қол қойған, микрокредит алған және алынған ақшаны қайтару және алынған микрокредитті, оның ішінде сыйақыны және микрокредит бойынша басқа да төлемдерді толық төлеу бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайтын жеке тұлға немесе заңды тұлға
	Кепілзаттық қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе тараптардың келісімінде көзделген міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілі, қоса, бірақ шектелмей: тұрақсыздық айыбы, кепіл, борышкердің мүлкін ұстап қалу, кепілдік және т. б.
	Кепіл беруші	Микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде мүлікті кепілге беретін тұлға
	Компания	«Life Credit» Микроқаржы ұйымы» ЖШС
	Кредиттік комитет	тиісті өкілеттіктер шеңберінде Компанияның кредиттік қызметі бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті Компанияның алқалы органы
	Клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер (Менеджер)	жобаның сараптамасына, микрокредит беруге, оны сүйемелдеуге, мониторинг пен жіктеуге жауапты компания қызметкері, оның функцияларына микрокредит беру бойынша мәмілені сүйемелдеу (құжаттаманы қалыптастыру, Қарыз алушыда шарттарға қол қою және өзге де іс-қимылдар) кіреді.
	Кредит желісі	Өтініш берушіге микрокредит алу уақытын өзі анықтауға мүмкіндік беретін талаптарда, бірақ шартта айқындалған сома мен уақыт шегінде Өтініш берушіні қаржыландыруға (кредит желісін ашуға) Компанияның заңды түрде ресімделген міндеттемесін ұсыну

Кредит құжаттамасы/ Құжаттар пакеті	менеджер өтінімді қабылдаған сәттен бастап Қарыз алушы ұсынылған микрокредит бойынша Компаниялар алдындағы міндеттемелерін тоқтатқан сәтке дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес әрбір Қарыз алушы бойынша жеке қалыптастырылатын құжаттама (құжаттар пакеті)
Өтініш беруші	Компанияға микрокредит алуға Өтініш берген жеке тұлға, жеке кәсіпкер, заңды тұлға
Өтініш	Өтініш беруші микрокредит беруге өтініш берген кезде толтыратын белгіленген нысандағы құжат (Микрокредит алуға өтініш)
Микрокредит	МҚҚ туралы заңда айқындалған мөлшерде және тәртіппен ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында Компания Қарыз алушыға беретін ақша
Кепілзат мәні	азаматтық айналымнан алынбаған кез келген мүлік, оның ішінде жылжымалы/жылжымайтын мүлік, оның ішінде мүліктік құқықтар (талаптар) және Қарыз алушының Компания алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге берілетін, Кепіл берушіге жеке меншік құқығымен тиесілі не болашақта Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша Кепіл берушінің меншігіне түсетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мүлік
Тіркеуші	Кепіл берушінің сенімхаты негізінде уәкілетті органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кепіл ұстаушының қамтамасыз ету құқықтарын тіркеуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға
Скорингтік жүйе	қарыз алушының кредитті өтеу қабілеттілігін сапалық және сандық сипаттамаларға негізделген математикалық немесе статистикалық модельдің көмегімен бағалау жүйесі, оның ішінде, Қарыз алушының тұрақты және жеткілікті кірісінің, жұмыс орны мен лауазымының, ағымдағы кәсібі бойынша жұмыс ұзақтығының, кепіл ретінде қолайлы жылжымайтын мүліктің, несие берешегінің, оның ішінде басқа банктер/МҚҰ/МКҰ алдындағы төлем тәртібінің, кредиттер бойынша төлем тәртібінің, кредит тарихының болуы не болмауы туралы нұсқауды қамтитын.
Тең қарыз алушы	Қарыз алушымен бірге Микрокредит беру туралы шартқа қол қойған және Микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредитті, оның ішінде сыйақыны және микрокредит бойынша басқа да төлемдерді қайтару бойынша міндеттемелердің орындалуына ортақ жауапты ретінде әрекет ететін тұлға
Уәкілетті орган	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган
Уәкілетті тіркеуші орган	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жылжымайтын және жылжымалы

		мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалығын) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган
--	--	---

2.2. Микрокредит беруге арналған өтінішті беру тәртібі және оны қарау тәртібі

2.2.1. Клиент бірінші рет жүгінген кезде Компания менеджері ұсынылатын микрокредиттердің шарттарын түсіндіре отырып, алғашқы кеңес береді.

2.2.2. Клиент Компания бекіткен нысан бойынша Микрокредит беруге өтінішті толтырады және Құжаттар пакетін ұсынады.

2.2.3. Менеджер Кредит құжаттамасына Құжаттар пакетін жасайды және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген қажетті сараптамаларды жүргізу үшін Компанияның құрылымдық бөлімшелеріне жібереді.

2.2.4. Өтініш беруші толық Құжаттар пакетін ұсынған жағдайда Өтініш Кредиттік комитетке/Скорингтік жүйеге қарастыруға ұсынылады;

2.2.5. Кредиттік комитеттің/Скорингтік жүйенің микрокредит беру немесе беруден бас тарту туралы шешімі Өтініш берушінің назарына жеткізіледі. Компания Өтініш берушіге себебін түсіндірместен микрокредит беруден бас тартуға құқылы.

2.3. Микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібі

2.3.1. Қаржыландыру шарттары, оның ішінде қаржыландыру мерзімдері, микрокредитті өтеу тәсілі, әдісі және кезеңділігі, микрокредиттің мөлшері, оның мақсатты пайдаланылуы, сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері және өзге де шарттар, сондай-ақ кредиттік тарихқа, төлем қабілеттілігіне және кредит қабілеттілігіне қойылатын талаптарды қоса алғанда, Қарыз алушыларға/Тең қарыз алушыларға/Кепілгерлерге/Кепіл берушілерге қойылатын талаптар осы Қағидаларда белгіленген талаптарды ескере отырып, компанияның микрокредиттік өнімдер бойынша ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.

2.3.2. Компания микрокредиттерді Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен ұсынады.

2.3.3. Келесі талаптарға сәйкес келетін Өтініш берушілер Компанияның Қарыз алушылары/Тең қарыз алушылары/Кепіл берушілері/Кепілгерлері бола алады:

- 1) ҚР резиденттері-жеке / заңды тұлғалар;
- 2) жеке тұлғалар үшін - микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталған кезде 22 жастан зейнеткерлік жасқа дейінгі жас;
- 3) үздіксіз жұмыс өтілі/қызметті жүзеге асыру кезеңі - 6 (алты) айдан кем емес жалпы жұмыс өтілі кезінде 4 (төрт) айдан кем емес;
- 4) жеке тұлғалар үшін - Өтініш берушінің нақты тұратын жері мен заңды мекенжайы Алматы қаласында, Алматы облысында, сондай-ақ өзге де республикалық маңызы бар қалаларда немесе облыс орталықтарында болуға тиіс;
- 5) Өтініш берушінің, бар болған жағдайда оң немесе қанағаттанарлық кредиттік тарихы болуы тиіс.

Клиенттің кредиттік тарихын анықтау кезінде мынадай жіктеме қолданылады:

	Көрсеткіш (критерий)	Кредиттік тарих		
		оң	қанағаттанарлық	теріс
	қайта құрылымдау ¹ жағдайларының саны, мерзімін ұзартусыз	X	1-3	4 және одан көп

¹ Жүргізілген қайта құрылымдау жағдайлары туралы ақпарат ол Компанияда болған кезде ескеріледі, ол болмаған кезде ескерілмейді.

2	мерзімі өткен берешектің туындау жағдайларының саны	1-5	1-5	6 және одан көп
3	әрбір мерзімі өткен берешектің туындау жағдайының ұзақтығы (күнтізбелік күндермен)	1-10	11-30	1) 31 және одан көп ² 2) басқа банктерде, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдарда теңгерімге немесе шығынға есептен шығарылған міндеттемелер бар
	мерзімін ұзартумен қайта құрылымдау жағдайларының саны	X	1-2	3 және одан көп

бұл ретте:

- бір кредиттік желі шегінде бірнеше транш және/немесе ЕДБ немесе микроқаржы ұйымдары берген бірнеше кредит бойынша бір күнтізбелік ай ішінде туындаған мерзімі өткен берешектің туындау жағдайлары бір мерзімі өткен берешектің туындау жағдайы ретінде ескеріледі, бұл ретте оның ұзақтығын айқындайтын мерзім ретінде кез келген транш немесе кредит бойынша күндердің ең көп саны қабылданады;

- қосымша қаржыландыру кезінде жарнаны азайту мақсатында қолданыстағы кредиттің немесе транштың жалпы мерзімін ұзарту немесе ұлғайту мерзімін ұзарту болып саналмайды, бірақ бір реттен артық емес, бұл ретте мерзімін ұзарту сәтінде клиенттің өзге банктер алдында мерзімі өткен берешегі немесе өзге банктер есептен шығарған мерзімі өткен берешегі болмауы тиіс;

2.3.4. Қарыз алушыға/ Тең қарыз алушыға/ Кепіл берушіге/ Кепілгерге (заңды тұлғаға)қойылатын талаптар:

1) микрокредит алуға Өтініш бергенге дейін кемінде 6 ай (үзіліссіз) жұмыс істейтін тұрақты бизнестің болуы;

2) Қарыз алушының бизнесіне мемлекеттің қатысуына жол берілмейді, Қарыз алушының меншігі жеке меншік болуы тиіс;

2.3.5. Компанияның микрокредит беру туралы мәселені қарауының негізгі шарты менеджер жасайтын Қарыз алушыға толық Құжаттар пакетін қалыптастыру болып табылады.

2.3.6. Микрокредиттер беруге тыйым салынады:

1) қару өндіруге немесе жеткізуге;

2) ойын бизнесін құруға және дамытуға;

3) өнер туындыларын, қолжазбаны, суреттерді және т. б. кепілмен қамтамасыз етуге;

4) өтелмеген соттылығы бар тұлғаларға;

5) саяси лауазымдарға кандидаттарға немесе саяси ұйымдарға;

6) азаматтық айналымнан алынған тауарларды сатып алуға;

² Осы көрсеткіштің екі критерийінің бірі қолданылады.

7) құқық тәртібі мен имандылық негіздеріне көрінеу қайшы келетін заңға қайшы мәмілелерді қаржыландыруға;

8) қызметі заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастырумен және терроризмді қаржыландырумен ұштасатын тұлғаларға;

9) іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған тұлғаларға;

10) тарату процесіндегі немесе санация немесе банкроттық белгілері болған кезде заңды тұлғаларға;

11) Компанияның Кепіл саясатымен тыйым салынған мүлікпен және мүліктік құқықтармен қамтамасыз етуге;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тыйым салынған өзге де қызметті қаржыландыруға.

2.3.7. Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде қабылдануы мүмкін:

1) жылжымайтын мүлік кепілі;

2) жылжымалы мүлік кепілі;

3) жеке және/немесе заңды тұлғалардың кепілдіктері.

2.3.8. Егер Компанияның тиісті микрокредиттік өнімінің шарттарында өзге белгіленбесе, қамтамасыз ету затын(-тарын) сақтандыру қажеттілігі туралы шешімді Кредиттік комитет қабылдайды.

Сақтандыру шартында Пайда алушының Кредиторды, яғни Компанияны көрсетуі жылжымайтын және/немесе жылжымалы мүлікті сақтандырудың міндетті шарты болып табылады.

2.3.9. Микрокредит беру туралы шарт Қарыз алушының қолма-қол қол қоюы арқылы немесе Қарыз алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қою және/немесе көп факторлы аутентификация жолымен жазбаша нысанда жасалады.

2.3.10. Шартқа/Шарттарға Компанияның басшы қызметкері немесе өзге уәкілетті тұлға қол қойғаннан кейін олар Қарыз алушыға/Тең қарыз алушыға/Кепіл берушіге/Кепілгерге қол қоюға беріледі.

2.3.11. Жылжымалы / жылжымайтын мүлік кепілі шарты Уәкілетті тіркеуші органда тіркелуге жатады.

2.3.12. Кепіл беруші немесе Тіркеуші Уәкілетті тіркеуші органда жылжымалы және жылжымайтын мүлік ауыртпалығын (кепілін) тіркеуді жүргізеді. Кепілді мемлекеттік тіркеуді растау:

кепіл шартында (жылжымайтын мүлік үшін) тиісті кепілді мемлекеттік тіркеу туралы мөртабан қою;

кепілзаттық куәлікті беру (жылжымалы мүлікке);

Компанияны кепіл ұстаушы ретінде көрсете отырып, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама беру;

Компанияны кепіл ұстаушы ретінде көрсете отырып, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы анықтаманы ұсыну болып табылады.

2.3.14. Мүлік кепілін тіркеуге байланысты шығыстар Қарыз алушыға жүктеледі.

2.3.15. Егер кредит беру шарттарында және Кредиттік комитеттің шешімінде өзгеше келісілмесе, міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу талап етілмейді.

2.4. Микрокредиттің шекті сомалары және оны беру мерзімдері

2.4.1. Компания Компанияның уәкілетті органы бекітетін «Life Credit» Микроқаржы ұйымы» ЖШС микрокредиттік өнімдерін беру шарттарының сипаттамасы негізінде микрокредиттердің шекті сомалары мен мерзімдерін белгілейді, олар бір қарыз алушыға айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспайтын микрокредиттеудің шекті сомасының (лимитінің) сақталуын ескере отырып, қажеттілігіне қарай қайта қаралады және бекітіледі. Микрокредит мерзімі 60 (алпыс) айдан аспауы тиіс.

2.5. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары

2.5.1. Микрокредиттер бойынша сыйақының шекті жылдық тиімді мөлшерлемесі 56 (елу алты) пайызды құрайды.

2.5.2. Микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті орган бекіткен, берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидаларының талаптарына сәйкес айқындалған шекті мөлшерден аспауға тиіс.

2.6. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі

2.6.1. Сыйақыны Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Төлемдер кестесіне сәйкес ай сайын қолма-қол ақшаны кассаға төлеу және/немесе негізгі қарыз сомасымен бірге Компанияның есеп-айырысу шотына аудару арқылы төлейді. Қарыз алушы төлемді қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеген жағдайда, төлемді Компанияның банктік шотына аударған күні төлем Компания алған болып есептеледі, ал Қарыз алушының міндеттемесі орындалды деп есептеледі.

2.6.2. Берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі микрокредитті беру мерзіміне қарамастан бір жылға қайта есептегенде көрсетіледі.

2.6.3. Микрокредит бойынша сыйақы микрокредитті пайдалану күндерінің нақты саны негізге алына отырып есептеледі және 360 күнге және 30 күндік айға тең күнтізбелік жыл негізінде есептеледі.

2.6.4. Микрокредит бойынша кезекті төлемді өтеу мерзімін өткізіп алған жағдайда, сыйақы микрокредитті пайдаланудың нақты мерзімі уақытына есептеледі, сондай-ақ Микрокредит беру туралы шарттың шарттарына сәйкес мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұл есептеледі.

2.6.5. Қарыз алушының өтеу кестесін бұзғаны үшін Қарыз алушы Компанияға мерзімі өткен әрбір күн үшін микрокредит бойынша мерзімі өткен төлемнің 0,5% мөлшерінде өсімпұл төлейді. Осы тармақшаның талаптары кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шартқа қолданылмайды.

2.6.6. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу бойынша міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері, МҚҚ туралы Заңның 4-бабының 3-1-тармағының шарттарында жасалған шартты қоспағанда, мерзімі өткен тоқсан күн ішінде мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5% - ынан аспауға тиіс, мерзімі өткен тоқсан күн өткеннен кейін мерзімі өткен, бірақ микрокредит беру туралы шарттың әрбір қолданылу жылы үшін берілген микрокредит сомасының 10% - ынан аспайды.

2.7. Микроқаржы ұйымы қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

2.7.1. Өтініш берушінің (Қарыз алушының/Тең қарыз алушының) міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде жылжымайтын / жылжымалы мүлік қабылданады, келесілерді қоса, бірақ шектелмейді:

1) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі жоқ, азаматтық айналымнан алынбаған, өтімді, үшінші тұлғалардың ауыртпалықтары мен талаптарынан бос жылжымайтын мүлік;

2) егер ішкі нормативтік құжаттарда және/немесе Кредит комитетінің шешімінде өзгеше көзделмесе, жер учаскелеріне меншік құқығы (жер пайдалану құқығы) қосымша кепілдік қамтамасыз ету ретінде ғана қабылданады;

3) жылжымайтын заттарға теңестірілген әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, «өзен-теңіз» жүзу кемелері, ғарыш объектілері;

4) азаматтық айналымнан алынған заттарды қоспағанда, үшінші тұлғалардың ауыртпалықтары мен талаптарынан бос жылжымалы мүлік, оның ішінде заттар мен мүліктік құқықтар (талаптар): автокөлік, коммерциялық көлік, ауыл шаруашылығы техникасы, оның ішінде арнайы техника, ақша кепілі/кепілге қою, оның ішінде келісімшарттар бойынша ақша талап ету құқығы, жабдық, жылжымалы мүлік, оның ішінде заттар және мүліктік құқықтар (талаптар);

2.7.2. Өтініш берушінің (Қарыз алушының/Тең қарыз алушының) міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде жеке және заңды тұлғалардың кепілдіктері де қабылданады, олардың мәні үшінші тұлғаның Қарыз алушының/Тең қарыз алушының Компания алдындағы өз міндеттемелерін орындауы үшін ортақ жауапкершілікті қабылдауынан тұрады.

2.7.3. Компания қабылдайтын кепілдікті қамтамасыз етуге қойылатын негізгі талаптар Компанияның Кепілдік саясатында айқындалады

2.8. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидалары

2.8.1. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (бұдан әрі - СЖТМ) Уәкілетті орган бекіткен Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидаларының талаптарына сәйкес мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұнда:

n - қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

S_j - қарыз алушыға j-ші төлем сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

t_j - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);

m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

P_i - қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;

t_i - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

2.8.2. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның мәні бір ондық белгіден көп болса, ол былайша ондық бөлшекке дейін дөңгелектенуге тиіс:

1) егер жүздік бөлшек 5-тен көп немесе тең болса, ондық бөлшек 1-ге ұлғайтылады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады;

2) егер жүздік бөлшек 5-тен аз болса, ондық бөлшек өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады.

2.8.3. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне қарыз алушының оның микрокредит беру туралы шарттың негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша талаптарын сақтамауынан туындаған төлемдерін (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, қарыз алушының барлық төлемі кіреді.

2.8.4. СЖТМ мөлшері оны жасау күніне Микрокредит беру туралы шартта көрсетіледі.

2.8.5. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын Микрокредит беру туралы шарттың талаптары өзгерген кезде СЖТМ нақтыланған мәнін есептеу Микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі басталғаннан бастап Қарыз алушы жүргізген микрокредит бойынша төлемдерді есепке алмағанда, талаптар өзгеретін күнге берешектің қалдығы, микрокредитті өтеудің қалған мерзімі негізге алына отырып жүргізіледі.

2.9. Микрокредитті өтеу әдістері

2.9.1. Микрокредит беру туралы шартты жасағанға дейін Компания Өтініш берушіге мынадай өтеу әдістерімен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады:

1) сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

2) аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлем мөлшерлері бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін;

3) Компаниямен келісім бойынша жеке өтеу кестесін ұсынуға болады.

2.9.2. Өтініш беруші таңдаған микрокредитті өтеу әдісі Микрокредит беру туралы шартта (Төлемдер кестесі) көрсетіледі.

2.10. Компания үшін шектеулер

2.10.1. Компания:

1) сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;

2) микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеуге және қарыз алушыдан (өтініш берушіден) алуға.

3) жеке тұлға болып табылатын, микроқаржы ұйымына микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және басқа да төлемдерді талап етуге.

4) кепілге салынған заттарды пайдалануға және оларға билік етуге.

5) қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есепке жазуға және талап етуге құқылы емес, микрокредит беру туралы шартты қоспағанда, егер оны жасасу күні негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүлік кепілімен және (немесе) ақша кепілімен толық қамтамасыз етілген болса.

6) тұрғын үй және (немесе) тұрғынжай орналасқан жер учаскесі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күні өткен соң есепке жазылған сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы емес.

2.11. Микрокредит беру құпиясы

2.11.1. Микрокредит беру құпиясы Қарыз алушылар/Тең қарыз алушылар/Кепіл берушілер/Кепілгерлер, микрокредиттердің мөлшерлері туралы, микрокредит беру туралы шарттың Қарыз алушыға/Тең қарыз алушыға/Кепіл берушіге/Кепілгерге қатысты өзге де талаптары туралы және Компанияның операциялары (микрокредиттер беру қағидаларын қоспағанда) туралы мәліметтерді қамтиды.

Тарату процесіндегі Компанияның микрокредиттер беру туралы жасасқан шарттары жөніндегі мәліметтер микрокредит беру құпиясына жатпайды.

2.11.2. Компания микрокредит беру құпиясына кепілдік береді.

Микрокредит беру құпиясы берілген микрокредиттер бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қарыз алушыға/Тең қарыз алушыға, Кредиттік бюроға, Қарыз алушының/Тең қарыз алушының жазбаша келісімі негізінде үшінші тұлғаға ғана ашылуы мүмкін.

2.11.3. Қарыз алушылар/Тең қарыз алушылар туралы, микрокредиттердің мөлшерлері туралы, микрокредит беру туралы шарттың Қарыз алушыға/Тең қарыз алушыға қатысты өзге де талаптары туралы, Компания жүргізген операциялар туралы мәліметтер:

1) қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға: олар жүргізіп жатқан қылмыстық істер бойынша мөрмен расталған және прокурор санкция берген жазбаша сұрау салу негізінде;

2) прокурордың санкциясымен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына және Мемлекеттік күзет қызметіне: барлау және (немесе) нұқсан келтіру акцияларының алдын алу, оларды әшкерелеу және жолын кесу үшін қажетті ақпаратты беру туралы олардың талап етуі бойынша;

3) соттарға: олар жүргізіп жатқан істер бойынша соттың ұйғарымы, қаулысы, шешімі және үкімі негізінде;

4) мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына: олар жүргізіп жатқан атқарушылық іс жүргізу істері бойынша әділет органдарының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған, сот орындаушысының прокурор санкциялаған қаулысы негізінде;

5) прокурорға: оның құзыреті шегінде өзінің қарауында жатқан материал бойынша тексеру ісін жүргізу туралы қаулы негізінде;

6) салықтық әкімшілендіру мақсатында ғана мемлекеттік кіріс органдарына: тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша нұсқама негізінде;

7) Қарыз алушының/ Тең қарыз алушының өкілдеріне: нотариат куәландырған сенімхат негізінде;

8) оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға: өзі жөнінде соттың банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі бар тұлғаға қатысты, банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанға дейін бес жыл ішіндегі кезең үшін прокурордың санкциясымен беріледі.

2.11.4. Қарыз алушы/Тең қарыз алушы қайтыс болған жағдайда 2.11.3-тармақта көрсетілген тұлғалардан басқа Қарыз алушы/Тең қарыз алушы туралы, микрокредит мөлшері туралы, микрокредит беру туралы шарттың Қарыз алушыға/Тең қарыз алушыға қатысты өзге де талаптары туралы мәліметтер жазбаша сұрау салу негізінде беріледі:

1) қарыз алушы өсиетте көрсеткен тұлғаларға;

2) нотариустарға: өздері жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша нотариустың мөрімен расталған, оның жазбаша сұрау салуы негізінде беріледі. Нотариустың жазбаша сұрау салуына қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі қоса берілуге тиіс;

3) шетелдік консулдық мекемелерге: олар жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша беріледі.

2.12. Микрокредит берудің өзге шарттары

2.12.1. Шарттары Компанияның өзге ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес келмейтін микрокредиттер бойынша шешімдерді Компанияның Кредит комитеті өзіне берілген өкілеттіктерге байланысты қабылдайды.

2.12.2. Қарыз алушыда микрокредит бойынша мерзімі өткен төлемдер болған жағдайда, Компания берешекті қайтару бойынша жұмысты келесілер арқылы жүзеге асыруға құқылы:

- 1) sms-хабарламалар;
- 2) ақпараттық телефон қоңыраулары;
- 3) Қарыз алушымен байланыс және әңгімелесулер өткізу;
- 4) берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беру;
- 5) берешекті қайта құрылымдау;
- 6) микрокредит бойынша берешекті сот тәртібімен өндіріп алу;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген үшінші тұлғаларға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талапты) басқаға беру;
- 8) нотариус жасаған атқарушылық жазба шеңберінде берешекті өндіріп алу;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де әдістер арқылы.

2.12.3. компания МҚҚ туралы Заңның 9-2-бабына сәйкес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда қарыз алушы-жеке тұлғаға қатысты шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдайды. Шешімдерді Компанияның ішкі рәсімдеріне сәйкес уәкілетті тұлға қабылдайды.

2.13. Қорытынды ережелер

2.13.1. Осы Қағидалар Компания қатысушысының шешімімен бекітілген сәттен бастап қолданылады.

2.13.2. Осы Қағидаларға толықтырулар мен өзгерістер қажеттілігіне қарай енгізіледі.

2.13.3. Осы Қағидалар коммерциялық құпияны және құпия ақпаратты құрайтын мәліметтерге жатпайды.

2.13.4. Осы Қағидалардың көшірмесі шолып қарау және онымен танысу үшін қолжетімді жерде орналастырылуға тиіс.

2.13.5. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешілуге тиіс.

2.13.6. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген және осы Қағидалардың мәтіні Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеген жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері басым болып саналады.

УТВЕРЖДЕНО
Решением единственного участника
ТОО «МФО «Life Credit»
от «30» сентября 2021 года

**ПРАВИЛА
ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ МИКРОКРЕДИТОВ
ТОО «МИКРОФИНАНСОВАЯ
ОРГАНИЗАЦИЯ
«LIFE CREDIT»**

1. Общие положения

- 1.1. Настоящие Правила предоставления микрокредитов (далее по тексту - Правила) разработаны в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности» от 26.11.2012 года №56-V (далее – Закон о МФД), Законом Республики Казахстан «Об ипотеке недвижимого имущества», нормативно-правовыми актами Национального Банка Республики Казахстан, регулирующими деятельность микрофинансовых организаций, и иными нормативно-правовыми актами Республики Казахстан, а также внутренними документами ТОО «Микрофинансовая организация «Life Credit» (далее по тексту - Компания).
- 1.2. Настоящие Правила содержат порядок организации и процедуры предоставления микрокредитов, включая основные принципы, порядок и сроки.
- 1.3. Настоящие Правила разработаны в целях регламентации порядка по предоставлению Компанией микрокредитов и содержат следующую информацию:
- 1.3.1. Правила об общих условиях предоставления микрокредита ТОО «МФО «Life Credit»:
- 1.3.1.1. Термины и определения;
 - 1.3.1.2. Порядок подачи заявления на предоставление микрокредита и порядок его рассмотрения;
 - 1.3.1.3. Порядок заключения договора о предоставлении микрокредита;
 - 1.3.1.4. Предельные суммы и сроки предоставления микрокредита;
 - 1.3.1.5. Предельные величины ставок вознаграждения по предоставляемым микрокредитам;
 - 1.3.1.6. Порядок выплаты вознаграждения по предоставленным микрокредитам;
 - 1.3.1.7. Требования к принимаемому микрофинансовой организацией обеспечению;
 - 1.3.1.8. Правила расчета годовой эффективной ставки вознаграждения по предоставляемым микрокредитам;
 - 1.3.1.9. Методы погашения микрокредита;
 - 1.3.1.10. Ограничения для Компании;
 - 1.3.1.11. Тайна предоставления микрокредита;
 - 1.3.1.12. Особые условия;
 - 1.3.1.13. Заключительные положения.
- 1.4. Основными задачами Компании являются:
- 1.4.1. создание уникальных кредитных продуктов для развития и расширения основных видов деятельности Компании;
 - 1.4.2. создание условий для повышения доступности микрокредитования;
